

# **ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

---

(Жоғарғы кәсіби білім)

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ**

5В030200 - «Халықаралық құқық»  
бакалавриат мамандығы бойынша

4 несие

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Астана  
2017

## АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5В030200 - «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

Бұл типтік бағдарлама «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясының рұқсатынсыз көбейтіле және таратыла алмайды.

## МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме хат	4
II. Дәріс сабақтарының тақырыптары	8
III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары	14
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	16
V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	17
VI. Үлгі оқу бағдарламасының авторлары	19

## I. Түсіндірме хат

Мемлекеттердің, халықаралық үкіметаралық ұйымдардың және құқықтың басқа да субъектілерінің тәжірибелік қызметінің үрдісінде қалыптасқан құқықтық нормалардың жиынтығы халықаралық құқықты құрайды. Ұлттық құқықтан халықаралық құқықтың айырмашылығы, халықаралық құқық халықаралық шарттардың, халықаралық әдет-ғұрыптардың және жалпы қағидалардың халықаралық құқықта толық немесе шектелген құқықсубъектілігі бар субъектілермен қолданылуын және орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған вертикалды емес горизонталды жүйе болып табылады. Оған қарамастан, кейбір жағдайларда халықаралық құқықтық нормалардың бенефициарлары болып заңды және жеке тұлғалар табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасымен 2005 ж. 28 қарашасында № 91 ратификацияланған 1966 ж. 16 желтоқсанда қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің нормалары. Аталған шарттың нормалары Қазақстанның Жоғарғы соты өзінің 2008 ж. 10 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысында анықталғандай өздігінен орындалатын нормаларға жатады және Қазақстан Республикасының аумағында тікелей қолданылуы тиіс. Яғни, халықаралық жария құқықтың нормаларың адресаттары тек мемлекеттер, мемлекет тәріздес құрылымдар мен халықаралық ұйымдар емес, кейбір жағдайларда жеке және заңды тұлғалар.

«Халықаралық жария құқық» оқу пәнінің **мақсаты** 5B030200 «Халықаралық құқық» мамандығының студенттерінің мемлекеттер, мемлекет тәріздес құрылымдар, халықаралық ұйымдар және кейбір жағдайларда жеке және заңды тұлғалар субъектілерінің арасындағы жария құқықтық сипаттағы қатынастар саласындағы халықаралық құқық нормаларын қолданудағы білімдер, дағдылар мен қабілеттерді алу болып табылады.

«Халықаралық жария құқық» пәнінің **міндеттері**: халықаралық шарттар, әдет-ғұрыптар мен халықаралық құқықтың жалпы қағидаларына айналған халықаралық құқықтың нормаларының қалыптасу және қолдану үрдісі, мемлекеттердің, мемлекет тәріздес құрылымдардың және халықаралық ұйымдардың құқыққабілеттілігі, мемлекеттік егемендіктің аумақтық аспектісі, мемлекеттік егемендіктің персоналды аспектісі (халықаралық құқықтағы халық), юрисдикция, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық құқық субъектілерінің жауапкершілігі саласында студенттерде дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру.

Оқу пәнінің **преквизиттеріне** «мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы», «шетел мемлекеттерінің мемлекет және құқық тарихы» пәндері жатады.

**Постреквизиттерге** «халықаралық жария құқық», «халықаралық ұйымдар құқығы», «дипломатиялық және консулдық құқық», «халықаралық

сауда құқығы», «халықаралық құқықтағы адам құқықтары», «халықаралық құқықтағы жауапкершілік» пәндері жатады.

Яғни, «халықаралық жария құқық» пәні студенттерге халықаралық құқықтық тәртіпті игертуге бағытталған кешенді құқықтық пән болып табылады. Студенттер халықаралық шарттардың жасалуы, орындалуы, тоқтата тұрылуы мен тоқтатылуына, халықаралық үкіметаралық ұйымдардың қызмет етуіне, адам құқықтарының халықаралық-құқықтық механизмдер арқылы қорғауына, халықаралық құқық субъектілерінің жауапкершілігіне қатысты сұрақтарды таңдау бойынша арнайы халықаралық-құқықтық оқу пәндерінің аясында қарастыра алады.

Курс барысында Конституцияның реформасына байланысты мемлекеттің құқықтық және саяси өміріндегі өзгерістер мен ҚР-да англосаксондық құқық жүйесінің нормаларының қолданылуына қатысты заманауи сұрақтар қарастырылады.

Аталған типтік оқу бағдарламасын жасау кезінде авторлар халықаралық құқық кафедрасының оқытушыларының тәжірибесі ескерілді. Сонымен қатар, Вроцлав университетінің (Польша Республикасы) Халықаралық және еуропалық құқық кафедрасының оқытушысы заң ғылымдарының доктор хаб., профессор Б.Мельник және заң ғылымдарының Ph.D. докторы Б.Кшанның тәжірибесі, сонымен қатар, Кембридж университетінің Г. Лаутерпахт атындағы Халықаралық құқық орталығының аға ғылыми қызметкері М.Н.Шоудың өзінің «*International Law*» (6th ed., Cambridge University Press, New York 2008) оқулығындағы құрылым мен мазмұнды жасаудағы әдістемелік тәсілі ескерілді.

Курс студенттерге келесі компетенцияларды беруге бағытталған:

**Білім:** 31. Халықаралық құқық пен оның функциясының мағынасын түсіну, халықаралық-құқықтық жүйенің құрылымын, мағынасын, түсініп, білу, сонымен қатар, халықаралық-құқықтық нормаларды және құқықтық аргументацияның нормаларын қолдану. 32. қайнар көздері, құрылымы, функциялары тақырыптары бойынша халықаралық құқықтың қалыптастыру және қолдану ережелері, оның ішінде халықаралық құқық субъектілері, территориясы, халықаралық құқықтағы жауапкершілік институттары және халықаралық құқықты ұлттық және халықаралық құқықтық жүйелерде қолдану бойынша білімдер алу.

**Дағдылар:** Н1. Мәселелерді шешкен кезде дәйектеуге қатысты, әсіресе заңи дәйектеуге қатысты мәселелерді шешкенде дұрыс және сауатты шешу. Н2. Ішкі және халықаралық сот шешімдерін, құқық саласындағы әдебиеттерді, мәліметтер базасында жинақталған ақпараттарды қолдану.

**Құзыреттіктер:** У1. Халықаралық құқықтық жүйесінің этикалық, экономикалық және саяси салдарларды ескеру. У2. Практикалық және құқықтық мәселелерді шешкенде тәуелсіз жәни сыңи ойлау.

«Халықаралық жария құқық» пәні оқу аясында «5В030200 – Халықаралық құқық» студенттеріне халықаралық құқық субъектілерімен

нормаларды қалыптастыру және қабылдау саласында қабілеттіктер, білімдер және машықтарға ие болу көзделеді. Жоғарыда көрсетілгендей, халықаралық құқық нормалары халықаралық құқықшығармашылық шарттарынан (ағылш. *law-making treaties*) мемлекеттер тәжірибесінде құқықтық норма ретінде танылатын (*opinio iuris sive necessitatis*), халықаралық құқық жүйесіне тән халықаралық құқықтың жалпы принциптері (мысалы, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау) және жалпы құқық принциптерінен «пайда болатын» ұлттық құқық жүйесінде қолданылатын (мысалы, *estoppel*, пропорционалдық принцип) жинақталған. Аталған нормалар мемлекеттерге, мемлекет тәріздес құрылымдарға, халықаралық ұйымдарға, сондай-ақ кейбір жағдайларда жеке және заңды тұлғалар үшін құқықтар мен міндеттемелерді туғызады.

Роберт Дженнингс профессордың пайымдауынша, британдық сыртқысаяси ведомствосының (ағылш. *the Foreign and Commonwealth Office*) заңды кеңесшісі Артур Ваттс «Оппенгейм халықаралық құқық» кітабының тоғызыншы басылымында, *pro tanto*, халықаралық құқық субъектілікке пайда болу үшін халықаралық құқық пен міндеттемелерге ие болу керек. Алайда, халықаралық құқықта құқық субъектіліктің болуына қарамастан, толық мөлшерде халықаралық құқық және міндеттемелерге ие болуды білдірмейді. Сондықтан бастапқы субъектілер ретінде мемлекеттер халықаралық құқықтық жүйеде шексіз құзыреттіктерге ие болады. Аталған құзыреттік тек басқа халықаралық құқық субъектілері құқықтарымен, халықаралық жалпы құқық императивтік нормаларымен (*ius cogens*), адам құқықтарын және қоршаған орта қорғау жалпы мүдделерімен шектелуі мүмкін. Әлбетте халықаралық ұйымдар халықаралық құқықтың туынды субъектілері ретінде шектелген құзыреттікке ие болады. 1996 жылдың 8 шілдедегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық Сотының *Legality of the Threat or Use of Nuclear Weapons* Консультативтік шешімінде халықаралық ұйымдар жалпы мақсатқа жетуде шектелген функциясы бар халықаралық құқықтың туынды субъектілері ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, Халықаралық Әскери Трибунал практикасы көрсеткендей, Нюрнберг өсіндегі еуропалық мемлекеттердің басты әскери қылмыскерлерін жазалау практикасы, Қиыр Шығыс Халықаралық әскери трибунал, Бұрынғы Югославия бойынша қылмыстық трибунал, Бұрынғы Руанда бойынша қылмыстық трибунал, Халықаралық қылмыстық сот арқылы жеке тұлғаларды халықаралық құқық пен халықаралық қауымдастықпен тыйым салынған әрекеттер үшін жауапкершілікке тартылады. Осыған қарамастан, халықаралық құқық субъектілері арасында жеке және заңды тұлғалар көптеген халықаралық шарттардың бенефициарлары ретінде қарастырылады. Оларға мысал ретінде адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық келісімдер және өздігімен орындалатын белгісіне ие болатын және ұлттық құқықтық жүйеде тікелей қолданылатын кейбір халықаралық инвестициялық келісімдер.

«Халықаралық құқық» пәнінің типтік оқу бағдарламасы «5B030200 – Халықаралық құқық» студенттеріне халықаралық құқық субъектілерімен

нормаларды қалыптастыру және қабылдау саласындағы қабілеттіктер, білімдер және машықтарға барынша ие болу және халықаралық құқықтық тәртіптің бөлек элементтерін оқыту қажетінсіз құрастырылған.

## II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

### Тақырып 1. Халықаралық құқықтың құқықтық табиғаты

Халықаралық құқық түсінігі. Халықаралық құқықтың қалыптасу тарихы және оның бүгінгі күн халықаралық құқығының құқықтық табиғатына әсері. Халықаралық құқық ерекше құқық жүйесі ретінде. Халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан айырмашылығы. Халықаралық жария құқығы мен халықаралық жеке құқық ара-қатынасы. Халықаралық құқықтың фрагментациясы және халықаралық құқықтағы автономды режимдердің құрылуы.

#### Міндетті әдебиет:

Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клу-вер, 2005. Глава I §§ 1,2, Глава II, V

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 1 §§ 1-2

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 1, 2

**Компетенция: 31, Н2, У1**

### Тақырып 2. Халықаралық құқық қайнар көздері

Халықаралық құқық қайнар көзінің түсінігі. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық Сот Статутының 38 бап ережелері. Халықаралық құқық қайнар көздерінің классификациясы. Кодификация және халықаралық құқықтың прогресситі дамуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық құқық комиссиясы. Халықаралық шарт түсінігі. Халықаралық шарттардың жасалуы, күшіне енуі, тіркелуі, жүзеге асырылуы, тоқтата тұрылуы, тоқтатылуы және жарамсыздығы бойынша жалпы сұрақтар. Халықаралық шарттардағы ескертпелер. Халықаралық әдет-ғұрып халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде. Халықаралық әдет-ғұрыптың элементтері: мемлекет тәжірибесі және бұл тәжірибені құқықтық норма ретінде танылуы (*opinio iuris sive necessitatis*). Әмбебап халықаралық әдет-ғұрып. Аймақтық әдет-ғұрып. Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың біржақты актілері халықаралық құқықта міндеттемелердің пайда болу қайнар көздері ретінде. Халықаралық құқықтың жалпы қағидалары. 1970 жылдың 24 қазанында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес мемлекеттердің достастық қатынастары мен ынтымақтастығы жөніндегі халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларация. 1975 жылдың 1 тамызда қабылданған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Кеңесінің Қорытынды Актісі. Халықаралық құқықтың жалпы қағидалары мен құқықтың жалпы қағидалары ара-қатынасы. Жалпы халықаралық құқықтың императивті нормалары (*ius cogens*). *Erga omnes* халықаралық-құқықтық міндеттемелері.

#### Міндетті әдебиет:



Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клу-вер, 2005. Глава III

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 1, § 3

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 3

**Компетенция: 32, Н2, У1, У2**

### **Тақырып 3. Халықаралық құқықты ұлттық құқық жүйесінде қолдану**

Халықаралық құқықпен ұлттық құқық арақатынасының монистік және дуалистік теориялары. Халықаралық құқықты ұлттық құқық жүйесінде қолданудың жалпы қағидалары. Халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басымдылығы. Халықаралық шарттар нормаларының өздігінен жүзеге асырылуы критерийлері. Қазақстан Республикасының Конституциясы және халықаралық құқық. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жасалуы, жүзеге асырылуы және қолданылуы туралы Қазақстан Жоғары Соты мен Конституциялық Кеңестің нормативті қаулылары мен қаулылары. Ұлттық құқық жүйесіне халықаралық міндеттемелерді имплементациялау тәжірибесі мен құқықтық негізі. Инкорпорация. Трансформация. Жалпы, жеке немесе нақты сілтеме. Халықаралық әдет-ғұрыптық нормаларын ұлттық құқық жүйесінде қолдану. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде халықаралық құқық нормаларын қолдану тәжірибесі.

#### **Міндетті әдебиет:**

Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клу-вер, 2005. Глава VII, IX

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 2

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 4

**Компетенция: 32, Н1, Н2, У1, У2**

### **Тақырып 4. Халықаралық құқықтағы құқықсубъектілік**

Мемлекет халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретінде. Халықаралық құқықтағы мемлекеттіліктің критерийлері. Мемлекеттік егемендік. Ұлттардың өзін өзі танытуға құқығы. Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының 2010 жылдың 22 шілдесінде қабылданған консультативті қорытындысы Accordance with International Law of the Unilateral Declaration of Independence in Respect of Kosovo. Мемлекеттік билік. Федеративті мемлекеттер және унитарлы мемлекеттер. Мемлекеттер мен үкіметті тану. Танудың декларативті теориясы. Танудың Конститутивті теориясы. Қуғындағы үкімет. Протекторат. Кондоминиум. Халықаралық

бакылаудағы территорияны билеу. Тайвань. Солтүстік Кипрдің Түрік Республикасы. Сахара Араб Демократиялық Республикасы. Мальталық орден. Қасиетті Тақ және Ватикан. Оңтүстік Осетия. Абхазия. Халықаралық ұйымдардың шектелген (функционалды) құқықсубъектілігі. Бекітілген және тұспалдамалы өкілеттіктер (express powers, implied powers).

**Міндетті әдебиет:**

Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клу-вер, 2005. Глава XII

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 3

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 5

**Компетенции: 32, Н1, Н2, У1, У2**

**Тақырып 5. Халықаралық құқықтағы территория**

Мемлекеттік территория түсінігі. Территорияны иемдену тәсілдері. Uti possidetis доктринасы. Мемлекеттік территорияны жалға алу. Сервитут. Мемлекеттік шекаралар түсінігі. Мемлекеттік шекаралардың делимитациясы мен демаркациясы. Мемлекеттік құрлықтық территориясы. Өуе кеңістігі. Өуе кеңістігінің бостандықтары. Каботаж. Теңіз кеңістігі (1982 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы Конвенциясы, ішкі сулар, территориалды теңіз, іршелес зона, кеме қатынастары үшін қолданылатын бұғаздар, архипелаг-мемлекеттері, ерекше экономикалық аймақ, құрлықтық қайраң, ашық теңіз, қарақшылық анықтамасы, тексеруге құқық, ізін суытпай қудалау құқығы, аралдар режимі, жабық және жартылай жабық теңіздер, теңіз ортасын сақтау мен қорғау, теңіз түбі, Теңіз түбі жөніндегі Халықаралық орган, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі). Ғарыш кеңістігі. Арктика. Антарктика.

**Міндетті әдебиет:**

Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клу-вер, 2005. Глава XIII

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 5

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 10

**Компетенция: 32, Н1, Н2, У1, У2**

**Тақырып 6. Халықаралық құқықтағы халық**

Азаматтық түсінігі. Эффективті азаматтық концепциясы. Nottebohm (Liechtenstein v. Guatemala) ісі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының 1955 жылдың 6 сәуірінде қабылдаған шешімі. Екі азаматтық. Шетел азаматтары. Азаматтығы жоқ тұлғалар. Азшылық ұлттар. Босқындар. Территориялық баспана. Саяси баспана. Дипломатиялық баспана. Адам құқықтарының түсінігі. Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарын

қорғау жүйесі (Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі ролі, адам құқықтары жөніндегі Кеңес, адам құқықтары жөніндегі Комитет, адам құқықтары жөніндегі Жоғары Комиссар, азаптауға қарсы Комитет, нәсілдік дискриминацияны жою жөніндегі Комитет, әйелдерге қарсы дискриминацияны жою жөніндегі Комитет, бала құқықтары жөніндегі Комитет, апартеид саясатына қарсы күрес әрекеттерінің координациясы жөніндегі Арнайы комитет). 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларациясы. 1966 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Адамның азаматтық және саяси құқықтары туралы халықаралық пакт. 1966 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы халықаралық пакт. 1948 жылдың 9 желтоқсанында қабылданған Геноцид қылмысын алдыналу мен ол үшін жазалау туралы конвенция. 1989 жылдың 20 қарашасында қабылданған Бала құқықтары туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы. Еуропа Кеңесінің адам құқықтарын қорғау жүйесі (1950 жылдың 4 қарашасында қабылданған Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа конвенциясы, Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Соты, адам құқықтарын қорғаудағы Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетінің ролі, 1961 жылдың 18 қазанында қабылданған Еуропалық әлеуметтік хартия, 1987 жылдың 26 қарашасында қабылданған Азаптау және адамгершіліксіз немесе адам қадір қасиетін қорлайтын әрекеттер немесе жазалауды алдын алу туралы Еуропа конвенциясы, Азшылық ұлттарды қорғау туралы Еуропа Кеңесінің нобайлы шарты 1995 ж. 1 ақпан). Еуропа Одағының адам құқықтарын қорғау жүйесі ( адам құқықтарын қорғау қағидасы Еуропа Одағының жалпы қағидасы ретінде, Еуропа Одағының негізгі құқықтар жөніндегі хартиясы, 3 құркүйек 2008 жылғы С-402/05 Р и С-415/05 Р істері бойынша Еуропа Сотының шешімдері, Y.A. Kadi, Al Barakaat International Foundation v. Council of the European Union, Commission of the European Communities). Азаматтық халықты қарулы қақтығыстар кезінде қорғау (қарулы қақтығыс кезінде азаматтық халықаты қорғау қағидасы, Соғыс кезінде азаматтық халықты қорғау туралы 1949 жыл 12 тамызда қабылданған IV Женева конвенциясы, 1980 жылдың 10 қазанында қабылданған таңдаусыз әрекет ететін немесе аса залал келтіруші деп саналатын қарапайым қарудың нақты түрлерін қолдануды шектеу немесе тыйым салу туралы конвенция).

**Міндетті әдебиет:**

Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ВолтерсКлувер, 2005. Глава XII

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 3, 5

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 6-8

**Компетенция: 32, Н1, Н2, У1, У2**

## **Тақырып 7. Халықаралық құқықтағы юрисдикция**

Ұлттық юрисдикция қағидасы. Заңшығарушы, атқарушы және соттық юрисдикция. Азаматтық істер бойынша юрисдикция. Қылмыстық істер бойынша юрисдикция. Территориялық юрисдикция. Пассивті персоналды юрисдикция. Әмбебап юрисдикция. Адамзатқа қарсы қылмыстар, бейбітшілікке қарсы қылмыстар және әскери қылмыстар үшін тұлғаларды қудалау бойынша юрисдикция. Экстрадиция. *Aut dedere aut iudicare* қағидасы (ұстап бер немесе сотта). *Questions Relation to the Obligation to Prosecute or Extradite (Belgium v. Senegal)* Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының 2012 жыл 20 шілдесінде қабылдаған шешімі. *Jurisdictional Immunities of the State (Germany v. Italy: Greece Intervening)* Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының 2012 жыл 3 ақпанында қабылдаған шешімі. *Acta iure imperii* және *acta iure gestionis* доктринасы. Дипломатиялық иммунитеттер мен артықшылықтар.

### **Міндетті әдебиет:**

Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клувер, 2005. Глава VI, VII, XI

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 3, 4

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 12

**Компетенция: 32, Н1, Н2, У1, У2**

## **Тақырып 8. Халықаралық құқықтағы халықаралық ұйымдар**

Халықаралық үкіметаралық ұйымның түсінігі және халықаралық үкіметаралық емес ұйымдар. Біріккен Ұлттар Ұйымы: мақсаты, қағидалары, Бас Ассамблея (құрылымы, өкілеттіктері және дауыс беру процедурасы), Қауіпсіздік Кеңесі (құрылымы, өкілеттіктері және дауыс беру процедурасы), Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (құрылымы, өкілеттіктері және дауыс беру процедурасы), Қамқоршылық Кеңесі, Хатшылық. Еуропалық Одақ. Еуропа Кеңесі. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы. Еуразиялық экономикалық бірлестік. Шанхай ынтымақтастық ұйымы. Ұжымдық қауіпсіздік шартының ұйымы. Халықаралық қызыл крест комитеті.

### **Міндетті әдебиет:**

Международное право. Особенная часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клувер, 2005. Глава II

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 4

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 19, 22, 23

**Компетенция: 32, Н1, Н2, У1, У2**

## **Тақырып 9. Халықаралық дауларды бейбіт шешу құралдары**

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы. Халықаралық дауларды дипломатиялық жолдармен шешу (келісімсөздер, қайырымды қызмет және медиация, тергеу және келісімділік комиссиялары). Арбитраж. Халықаралық сот (құлымы, юрисдикциясы, дауларды шешу тәжірибесі). Теңіз құқығы бойынша халықаралық трибунал (құлымы, юрисдикциясы, дауларды шешу тәжірибесі). Еуропа Одағының Соты (құлымы, юрисдикциясы, дауларды шешу тәжірибесі).

### **Міндетті әдебиет:**

Международное право. Особенная часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клувер, 2005. Глава XI

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 7

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 18

**Компетенция:** 32, Н1, Н2, У1, У2

## **Тақырып 10. Халықаралық құқықтағы жауапкершілік**

Халықаралық-құқықтық жауапкершілік концепциясы. Халықаралық құқыққа қайшы әрекет үшін мемлекеттер жауапкершілігінің жалпы қағидалары. Мемлекет әрекеттерін саралау. Military and Paramilitary Activities in and against Nicaragua (Nicaragua v. United States of America) Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының 1986 жыл 27 маусымында қабылдаған шешімі. Халықаралық міндеттемені бұзу. Басқа мемлекет әрекеттеріне байланысты мемлекеттің жауапкершілігі. Құқыққа қайшылықты жоятын мән-жайлар (келісім, өзін өзі қорғау, контршаралар, форс-мажор, апат, аса қажеттілік). Мемлекет жауапкершілігінің мазмұны. Залалдың орнын толтыру нысандары (реституция, компенсация, сатисфакция, пайыздар). Мемлекетті жауапкершілікке тарту. 2001 жылдың 12 желтоқсанында қабылданған Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапкершілік туралы баптары. Халықаралық ұйымдарды жауапкершілікке тарту туралы баптар жобасы (жалпы қағидалары, халықаралық ұйым мен оның мүше мемлекеттерінің жауапкершілігі арасындағы ара-қатынас). Халықаралық құқықпен тыйым салынбаған әрекеттер нәтижесінде келтірілген зардап үшін халықаралық-құқықтық жауапкершілік.

### **Міндетті әдебиет:**

Международное право. Особенная часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Волтерс Клувер, 2005. Глава XIV

Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011. Раздел 7

Shaw M.N. International Law. - New York, 2008. Chapter 14

**Компетенция:** 32, Н1, Н2, У1, У2

### III. Тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың үлгілі тізімі

Студенттер дәріс сабақтарында алған білімдерді бекіту үшін және де жоғарыда көрсетілген салаларда халықаралық құқықты қолдану мен білім алу саласында біліктіліктері мен машықтарын дамыту үшін қажеттілігін ескере отырып, бұл типтік бағдарлама авторлары семинар сабақтарының үлгілі тізімін төменде көрсетілгендей ұсынады.

1. Халықаралық құқық ерекше құқық жүйесі ретінде.
2. Халықаралық міндеттемелер қайнар көздері: халықаралық әдет-ғұрып, халықаралық құқықтың жалпы қағидалары, мемлекеттер және халықаралық ұйымдардың біржақты актілері.
3. Халықаралық шарт халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде (1 бөлім: халықаралық шарт түсінігі, халықаралық шарт жасасу, халықаралық шарттарға ескертпе).
4. Халықаралық шарт халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде (1 бөлім: атқару, қолдану, халықаралық шарттарды түсіндіру, халықаралық шарт пен үшінші мемлекеттер).
5. Мемлекет халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретінде.
6. Халықаралық құқықтағы территория (1 бөлім: мемлекеттік территория түсінігі, шекаралардың делимитациясы мен демаркациясы, құрлықтық территория, әуе кеңістігі)
7. Халықаралық құқықтағы территория (2 бөлім: теңіз кеңістігі, ғарыш кеңістігі. Арктика, Антарктика).
8. Халықаралық құқықтағы азаматтық.
9. Халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғау (1 бөлім: Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарын қорғау жүйесі).
10. Халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғау (2 бөлім: Еуропа Кеңесінің адам құқықтарын қорғау жүйесі және Еуропа Одағының адам құқықтарын қорғау жүйесі).
11. Халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғау (3 бөлім: азаматтық халықты қарулы қақтығыс кезінде қорғау).
12. Халықаралық құқықтағы юрисдикция (1 бөлім: заңшығарушы, атқарушы және сот юрисдикциясы, азаматтық істер бойынша юрисдикция, қылмыстық істер бойынша юрисдикция, территориялық юрисдикция, пассивті персоналды юрисдикция, әмбебап юрисдикция, мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеті, экстрадиция).
13. Халықаралық құқықтағы юрисдикция (2 бөлім: дипломатиялық иммунитеттер мен артықшылықтар).
14. Біріккен Ұлттар Ұйымы (мақсаты, қағидалары, құрылымы, өкілеттіктері және басты органдарда дауыс беру).
15. Дауларды бейбіт жолдармен шешу.
16. Халықаралық Сот (құрамы, юрисдикциясы, дауларды шешу тәжірибесі).

17. Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапкершілігі (1 бөлім: Халықаралық құқыққа қайшы әрекет үшін мемлекеттер жауапкершілігінің жалпы қағидалары. Мемлекет әрекеттерін саралау. Халықаралық міндеттемені бұзу).

18. Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапкершілігі (2 бөлім: Құқыққа қайшылықты жоятын мән-жайлар, Мемлекет жауапкершілігінің мазмұны. Залалдың орнын толтыру нысандары, Мемлекеттерді жауапкершілікке тарту).

19. Халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық жауапкершілігі.

20. Халықаралық құқықпен тыйым салынбаған әрекеттер нәтижесінде келтірілген зардап үшін халықаралық-құқықтық жауапкершілік.

#### IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі

1. Халықаралық құқық қалыптастыру тарихы
2. Халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың ара қатынасы
3. Халықаралық құқық жалпы императивтік нормасы *ius cogens* және *erga omnes* халықаралық мәндеттемелері.
4. Халықаралық шарттарға ескертпе жасау практикасы.
5. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде халықаралық құқық нормаларын қолдану практикасы.
6. Халықаралық құқықтағы мемлекет тәріздес мемлекеттердің құқықсубъектілігі.
7. Мемлекеттік шекаралардың делимитации және демаркация практикасы.
8. Қазақстан Республикасы юрисдикциясындағы тұлғалардың Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарын қорғау Комитетіне шағымдану практикасы.
9. 1950 ж. 4 қарашасының Еуропа Одағының Еуропадағы Адам құқықтарын қорғау туралы Конвенциясына қосылуы.
10. Қарақшылықпен айналысатын тұлғаларды қылмыстар үшін қудалау туралы қазіргі практикасы.
11. Еуропадағы адам құқықтарын қорғау туралы ынтымақтастық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету Ұйымының ролі.
12. Еуразиялық Экономикалық Комиссиясының функционалдығының құқықтық негіздері.
13. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық құқық сотының консультативтік шешімдерін беру практикасы.
14. Құқыққа қайшылық жоятын жағдайларын қолдану практикасы.
15. Мемлекеттердің басқа мемлекеттердің әрекеттері үшін жауапкершілігі.
16. Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесіне халықаралық міндеттемелерін имплементациялау практикасы мен құқықтық негіздері.
17. Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығымен халықаралық шарттарды тіркеу практикасы.
18. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау.
19. Еуропалық Одақ Сотының преюдициалдық шешімдерді шығару практикасы.
20. Халықаралық ұйымдар және оның мүше-мемлекеттерінің халықаралық құқықтағы жауапкершілік арақатынасы.
21. Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесінде халықаралық құқық нормаларын қолдану.
22. Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық функционалдығының құқықтық негіздері және практикасы.
23. Қазақстан Республикасының қатысуымен халықаралық дауларды шешу практикасы.



## **V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Нормативті құқықтық актілер:**

1. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, өзгертулер мен толықтырулармен.
2. 1945 ж. 26 маусымдағы БҰҰ Жарғысы.
3. 1969 ж. 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы.
4. 1961 ж. 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы.
5. 1963 ж. 23 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы.
6. 1944 ж. 7 желтоқсандағы Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенция.
7. 1982 ж. 10 желтоқсандағы Теңіз құқығы туралы БҰҰ конвенциясы.
8. 1966 ж. 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.
9. 1966 ж. 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті.
10. 1970 ж. 24 қазандағы БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес Достық қатынастар мен мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастыққа қатысты х/а құқықтың қағидалары туралы декларация.
11. 1975 ж. 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жиналысының қорытынды актісі
12. 2000 ж. 10 қазандағы Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықты құру туралы шарт

### **Негізгі әдебиет:**

1. Международное право: учебник / Отв. ред. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Международные отношения, 2007.
2. Международное право. Общая часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ВолтерсКлувер, 2005.
3. Международное право. Особенная часть: учебник / И.И. Лукашук. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ВолтерсКлувер, 2005.
4. Кулжабаева Ж.О. Международное публичное право. Общая и особенные части. - Алматы: Юридическая литература, 2002.

### **Қосымша әдебиет:**

1. Витцум В.Г., Боте М., Дольцер Р., Кляйн Э., Куниг Ф., Хайльброннер К., Шрёдер М. Международное право. - М.: Инфотропик, 2011.

2. Морское право и внутриконтинентальные государства: учебник / А.А.Салимгерей, Т.К.Ерджанов, М.А. Сарсембаев. - Алматы: Данекер, 2000.
3. Лукашук И.И. Современное право международных договоров. Т.1: Заключение международных договоров. - М.: ВолтерсКлувер, 2004.
4. Лукашук И.И. Современное право международных договоров. Т.2: Действие международных договоров. - М.: ВолтерсКлувер, 2006.
5. Shaw M.N. International Law. - New York, 2008.

## **VI. Типтік оқу бағдарламасының авторлары**

1. Дауленов М.М. –құқық саласындағы Ph.D., АҚ «КАЗГЮУ университетінің» Басқарма Төрағасының орынбасары, С. Зиманов атындағы фундаменталды және іргелі ғылымдардың Академиясының директоры;
2. Құлжабаева Ж.О. –заң ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің Халықаралық құқық кафедрасының профессоры;
3. Оралова Е.Д. –«КАЗГЮУ университеті» Халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісінің м.а.

# **ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА**

---

(Образование высшее профессиональное)

## **МЕЖДУНАРОДНОЕ ПУБЛИЧНОЕ ПРАВО**

по специальности бакалавриата  
5В030200 - «Международное право»

4 кредита

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Астана  
2017

## **ПРЕДИСЛОВИЕ**

- 1. РАЗРАБОТАНА И ВНЕСЕНА** учебно-методической секцией по группе специальностей «Право» при поддержке Бюро по оценке и сертификации юристов АО «Университет КАЗГЮУ».
- 2. УТВЕРЖДЕНА И ВВЕДЕНА В ДЕЙСТВИЕ** протокольным решением Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.
- 3. ВВЕДЕНА ВПЕРВЫЕ.**
4. Типовая учебная программа разработана в соответствии с государственным общеобязательным стандартом высшего образования утверждённым Постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 г. №1080 и «Типовым учебным планом по специальности высшего образования 5В030200 «Международное право», утвержденным Приказом и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 августа 2013 г. №343.

Настоящая программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Учебно-методической секции по группе специальностей «Право»

## ОГЛАВЛЕНИЕ

I. Пояснительная записка	23
II. Тематика лекционных занятий	27
III. Тематика практических (семинарских) занятий	33
IV. Примерный перечень тем, отведенных на самостоятельное изучение	35
V. Список рекомендуемой литературы	37
VI. Авторы типовой учебной программы	39

## I. Пояснительная записка

Международное право представляет собой совокупность правовых норм, образованных в процессе практической деятельности государств, международных межправительственных организаций и иных субъектов данного права. В отличие от национальной правовой системы международное право является не вертикальной, а горизонтальной системой, направленной на обеспечение соблюдения и применения положений международных договоров, норм международного обычая и общих принципов международного права, прежде всего, субъектами, обладающими полной или ограниченной правосубъектностью в международном праве. Несмотря на это, в некоторых случаях бенефициарами норм международного права могут быть признаны физические и юридические лица. В качестве примера можно указать положения Международного пакта о гражданских и политических правах от 16 декабря 1966 г., ратифицированного законом Республики Казахстан от 28 ноября 2005 г. № 91. Положения данного международного договора, как отметил Верховный Суд Казахстана в своем нормативном постановлении от 10 июля 2008 г. № 1, являются самоисполнимыми и подлежат непосредственному применению на территории Республики. Таким образом, международное право представляет собой систему правовых норм, адресатами которых являются не только государства, государствовподобные образования и международные организации, но также в некоторых случаях - физические и юридические лица.

